

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
РМҚК директоры
Қалиева А.Ж.
«24» қараша 2025 ж. № 67/48 бұйрығы



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін
Антикоррупциялық комплаенс-қызмет туралы
ЕРЕЖЕ

г. Алматы, 2025 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Антикоррупциялық комплаенс-қызмет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағына және мемлекеттік тіркеудің нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 32211 нөмірімен тіркелген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі антикоррупциялық комплаенс-қызметтердің үлгілік ережесіне (бұдан әрі – Үлгілік ереже) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Училищеде антикоррупциялық комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық тұлғалардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

3. Училище қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, антикоррупциялық комплаенс-қызмет туралы Ережені Үлгілік ережені негізге ала отырып бекітеді.

4. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет туралы Ереже Училищенің ресми сайтының <https://seleznev.edu.kz/> «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) антикоррупциялық комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету функциясы;

2) ішкі коррупциялық тәуекелдерге талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды айқындау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қарама-қайшылық, бұл жағдайда олардың жеке мүдделері лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы – сыбайлас жемқорлықтың белгілері бар, заңда белгіленген әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) коррупциялық тәуекел – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, айқындау, шектеу және жою жөніндегі алдын алу шараларының жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы жүзеге асырылатын қызмет;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыруды жүзеге асыратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, жолын кесу, әшкерелеу және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. Училищеде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету негізгі міндеті болып табылатын антикоррупциялық комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға айқындалады. Жауапты тұлғаны айқындау кезінде мүдделер қақтығысының болмауы ескеріледі.

7. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің жауапты тұлғасы Училище директорының шешімімен айқындалады.

8. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет өкілеттіктерін Училищенің атқарушы органынан және лауазымды тұлғаларынан тәуелсіз түрде жүзеге асырады, директорға тікелей бағынады және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Антикоррупциялық комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

10. Егер Заңда немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Ережеде көзделмеген талаптар мен тәсілдер белгіленсе, бұл талаптар мен тәсілдерді Училище директоры бекітеді.

2. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары және өкілеттіктері

11. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты — Училище мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу.

12. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Училище мен оның қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және превенция құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

2) Училищеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

3) Училищеде ішкі коррупциялық тәуекелдерге талдауды қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы регуляторлық талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

13. Училище антикоррупциялық комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алады:

1) антикоррупциялық комплаенс функцияларын орындау үшін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) комплаенс тиімділігіне басшылықтың мүдделілігі;

3) антикоррупциялық комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) антикоррупциялық комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) антикоррупциялық комплаенстің үздіксіздігі;

6) антикоррупциялық комплаенсті жетілдіру;

7) комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

14. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің функциялары:

1) төмендегі ішкі құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді:

- Училищенің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясаты;

- Училище қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулық;

- Училищедегі мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі ішкі саясат;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспары;

- Училище қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық заңнамасын бұзу фактілері немесе олардың болуы мүмкін жағдайлары туралы хабарлау тәртібін регламенттейтін құжат;
 - корпоративтік этика және мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
 - 2) Училищедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинайды, өндейді, талдайды және бағалайды;
 - 3) Училище қызметіндегі ішкі коррупциялық тәуекелдерге талдауды Типтік қағидаларға сәйкес үйлестіреді;
 - 4) Училищеде уәкілетті органмен бірлескен шешім негізінде жүргізілетін сыртқы коррупциялық тәуекелдер талдауына қатысады;
 - 5) анықталған коррупциялық тәуекелдерге және оларды жою бойынша қабылданған шараларға мониторинг жүргізеді;
 - 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді;
 - 7) Училище қызметкерлеріне арналған антикоррупциялық оқыту семинарларын ұйымдастырады;
 - 8) Училище қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
 - 9) ұжымдағы қарым-қатынастардың жалпыға ортақ моральдық-этикалық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз етуге ықпал етеді;
 - 10) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың қаржылық бақылау және антикоррупциялық шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
 - 11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және оның орындалуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді;
 - 12) Училищедегі мүдделер қақтығысын анықтау, мониторинг жүргізу және реттеу шараларын қабылдайды, соның ішінде кадр мәселелерінде, сатып алуларда және бизнес-процестерде;
 - 13) Училищеде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу шараларын қабылдайды;
 - 14) контрагенттердің адалдығына кешенді тексеру жүргізеді;
 - 15) сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді немесе оларды жүргізуге қатысады;
 - 16) сыбайлас жемқорлық заңнамасындағы өзгерістерге және сот практикасына мониторинг жүргізеді;
 - 17) құрылымдық бөлімшелер мен Училищенің антикоррупциялық іс-шараларды іске асыру тиімділігін бағалайды;
 - 18) құрылымдық бөлімшелердің және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша ақпаратын тындайды;
 - 19) анықталған коррупциялық тәуекелдерді жою, ішкі процестерді жетілдіру жөнінде директорға ұсыныстар енгізеді;
 - 20) Училище қызметінің ерекшеліктеріне байланысты комплаенс, іскерлік этика, орнықты даму саласындағы функцияларды жүзеге асырады, егер бұл комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне әсер етпесе;
 - 21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.
15. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің жауапты тұлғасын тағайындауды, өкілеттік мерзімін, еңбекақы мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын Училище директоры айқындайды.

16. Жауапты тұлға комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

17. Жауапты тұлғаның функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтарымен айқындалады және директордың бұйрығымен бекітіледі.

18. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге немесе мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттар мен сұратулар комплаенс-қызметтің жауапты тұлғасы қол қояды.

19. Жауапты тұлға кәсіби біліктілігін үнемі арттыруға, уәкілетті органдардың оқу іс-шараларына қатысуға міндетті.

20. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет өз қызметінде:

1) Училище құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық немесе қызметтік құпияларды сұратуға және алуға;

2) директордың қарауына жататын мәселелерді енгізуге;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге;

4) қызметтік тергеп-тексерулер барысында директордан және жұмыскерлерден жазбаша түсініктемелерді талап етуге;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, уәкілетті органға жолдауға;

6) құзыреті шегінде ішкі құжаттарды әзірлеуге қатысуға;

7) Училище қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабарламаларды қабылдау арналарының жұмысын қамтамасыз етуге құқылы.

21. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Училище және оның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтердің, инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға;

2) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

3) антикоррупциялық заңнаманың ықтимал немесе нақты бұзылуы туралы директорды уақтылы хабардар етуге;

4) белгілі болған жоспарланған немесе жасалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы уәкілетті органды хабардар етуге;

5) Училище жұмысының белгіленген тәртібіне кедергі келтірмеуге;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтауға міндетті.

22. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет қызметкерлеріне тыйым салынады:

1) комплаенс қызметіне дейін соңғы 3 жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің объективтілігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін қызметке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) тәуелсіздікке, объективтілікке нұқсан келтіретін сыйлықтар мен қызметтерді қабылдауға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге қатысуға.

23. Училище басшылығы:

1) комплаенс-қызметтің тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасауға;

2) комплаенс-қызметті ұйымдастырушылық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуге;

3) комплаенс-қызметтің оқуына, біліктілігін арттыруына мүмкіндік беруге міндетті.

24. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимылы өзара құрмет пен іскерлік әдеп қағидаттарына негізделеді.

25. Құрылымдық бөлімшелер:

1) комплаенс-қызметтің сұрау салуы бойынша қажетті құжаттар мен ақпарат ұсынады;

2) анықталған тәуекелдерді объективті талқылауға қатысады;

3) мәселелерді бірлесіп шешуге қатысады.

3. Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің есептілігі

26. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет Училищеде қабылданған антикоррупциялық шаралар туралы ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға ұсынады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Училищеде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

27. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет директор алдында кезендік есеп береді.

Директор тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы орын алғаны туралы мәлімет пайда болған жағдайда, комплаенс-қызмет Заңның 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті органдарға жүгінеді.

4. Қорытынды ережелер

28. Осы Ереже және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Училище директорының бұйрығымен бекітіледі және бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
РМҚК қызметкерлердің антикоррупциялық комплаенс-қызмет туралы
Ережемен танысу парағы**

[illegible]

[illegible]